

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы аумағындағы жер участекесінің тұстамасындағы Бұқтырма өзені мен оның салалары, Бұқтырма су қоймасының және Мельничная өзенінің су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін және шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 482 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 желтоқсанда № 8132 болып тіркелді

### З Қ А И - н ы ң                    е ск е р т п е с і .

**Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстай мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

#### 1. Мыналар:

1) осы қаулының қосымшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы аумағындағы Сергей Михайлович Ерышевке берілетін жер участекесінің тұстамасындағы Бұқтырма өзені мен оның салалары, Бұқтырма су қоймасының және Мельничная өзенінің су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы аумағындағы Сергей Михайлович Ерышевке берілетін жер участекесінің тұстамасындағы Бұқтырма өзені мен оның салалары, Бұқтырма су қоймасының және Мельничная өзенінің су қорғау аймақтары аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызмет режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Алтай ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы үәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырысын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;
- 3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроОнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы әкімі

Д. Ахметов

"КЕЛЕСІЛДІ"

Қазақстан

Республикасы

Экология, геология

және табиғи ресурстар

министрлігі

Су

ресурсстары

комитетінің

Су ресурстарын

пайдалануды

реттеу

және қорғау жөніндегі

Ертіс міндетін

бассейндік

инспекциясының

басшысының

М.

Иманжанов

2020 жылғы " — "

Шығыс Қазақстан

облысы әкімдігінің

2020 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 482 қаулысына қосымша

**Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы аумағындағы Сергей Михайлович Ерышевке берілетін жер участкесінің тұстамасындағы Бұқтырма өзені мен оның салалары, Бұқтырма су қоймасының және Мельничная өзенінің су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері**

Су объектісі, оның участкесі	Су қорғау аймақтары			Су қорғау белдеулері		
	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені, м	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені ,
1	2	3	4	5	6	7
Бұқтырма өзені (сол жағалау), қарастырылып отырған тұстама шекараларында	0,3	15,0	500	0,3	3,0	100
Бұқтырма өзенінің саласы (сол жағалау), қарастырылып отырған тұстама шекараларында	1,8	107,5	350- 500	2,0	7,0	35

Бұқтырма су коймасының участкесі, қарастырылып отырған тұстама шекараларында	0,9	82,5	500	2,6	9,1	35
Мельничная өзені (оң жағалау), қарастырылып отырған тұстама шекараларында	0,9	43,6	500	2,0	7,2	35

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК